

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

22-06-2024

Өтінім беру күні

10-07-2024

Өтінімнің номері

011403-010-24

Тізілімде тіркелеген күні

01-08-2024

Тіркеу номері

011403-010-5535-24

QR код**Өңір**

Ақмола облысы

ТЖКОББ ұйымы

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі
Көкшетау қаласының № 6 мектеп-лицейі" КММ

Білім деңгейі

Орта білімнен кейінгі

Даярлық бағыты

011 Білім

Даярлық мамандануы

0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Мамандық коды және атауы

01140300 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Біліктілік(-тер) коды және атауы

5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

ҰБШ бойынша деңгейі

5

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесін меңгерген, білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыратын мамандарды даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

225

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

№ 1 хаттама, 1 ақпан 2024 ж.

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

№ 3 хаттама, 7 наурыз 2024 ж.

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Лицензия

Лицензия ҚБ 5В.pdf

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ 1	Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, білім алушылардың анатомиясын, физиологиясын, мектеп гигиенасын сақтауға назар аудару.
2	Қ 2	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпараттық цифрлық өңдеу әдістерін қолдану.
3	Қ 3	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
4	Қ 4	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
5	Қ 5	Кәсіби қызметте шетел тілін қолдану.
6	Қ 6	Білім алушыларды психо-физиологиялық, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне тарту.
7	Қ 7	Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру.
8	Қ 8	Шетел тілінің теориялық негіздерін тұжырымдау.
9	Қ 9	Шетел тілінде оқу процесін жүзеге асыру.
10	Қ 10	Стилистикалық және лексикалық нормаларды қолдану.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене қасиеттерін жетілдіру негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; ағза мүшелерінің және мүшелер жүйелерінің топографиясы;	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын ұстану. ОН 1.2. Адам анатомиясы мен физиологиясының негізін меңгеру.	9	216	Қ 1	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		физиологиялық қызметтердің реттеу негіздері мен кері байланыстың принциптері; ағзада жүретін биоэлектрлік, биомеханикалық және биохимиялық процесстер; адам ағзасының құрылымдық және функционалды ұйымдасу принциптері; қызметіне байланысты мүшелер құрылымының өзгеруі және жасқа сай ерешеліктері; мүшелер жүйелерінің жалпы сипаттамалары мен морфологиялық зерттеу әдістері.					
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану түрлері; білім алушылардың есептей білу, іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату функциялары; компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері; білім берудегі платформаларды қолдану механизмдері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Ақпараттық анықтамалық және интерактивті веб-порталдың қызметтерін пайдалану.	2	48	Қ 2	Е
3	ЖММ 3. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу нормалары; патриотизм мен азаматтықты, ұлттық сана сезімді, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту принциптері; философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет қағидалары; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтары; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы ұлттық идеялары мен қозғалыстар; Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының тұжырымдық және практикалық зерттеулер мен ұстанымдар.	ОН.3.1. Философия негіздерін игеру. ОН.3.2. Құқықтың негізгі салаларын түсіну. ОН.3.3. Саяси-әлеуметтік білімді қалыптастыру. ОН.3.4. Мәдени құндылықтарды тану. ОН 3.5. Қазақстан тарихының жаңа кезеңдерін саралап зерделеу.	10	240	Қ 3	Е
4	ЖММ 4. Кәсіби қызметте қазіргі заманғы экономика	Кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеру негіздері; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары; кәсіпкерліктің мәні және мазмұны;	ОН 4.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді игеру. ОН 4.2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заңнамалық негіздерін меңгеру.	3	72	Қ 4	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	ық жүйенің жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтары мен механизмдерін қолдану	кәсіпкерлік қызметтің түрлері; кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және дамыту жолдары; кәсіпкерлік тәуекел, кәсіпкерлік бәсекелестік, бизнес жоспар құру принциптері; кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын мемлекеттік органдардың жұмыс функциялары; экономиканың ғылыми-теориялық бағыттары; қазіргі заманғы экономикалық жүйенің заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика элементтері.					
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Білім алушылардың құндылықтар жүйесіне тарту	Педагогикалық әдеп ережелері; педагогикалық мәдениет; мектеп пен сыныптағы мәдениет; білім беру процесінде адамның психологиялық даму ерекшеліктері; психологиялық білімнің теориялық негіздері; тұлғаның дамуы мен қалыптасуының психологиялық заңдылықтары; жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу механизмдері; тәрбие теориясының негіздері мен құрылымы; тәрбие процесінің мақсат-міндеттері мен мазмұны; тәрбие жұмысының заманауи формалары мен құралдары; сабақ беруде тәрбиелік мәннің ерекшелігі; білім беру ұйымдарында экологиялық қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптар, санитарлық-гигиеналық нормалар; тәрбие теориясы мен әдістемесі бойынша психологиялық-педагогикалық дағдылар; мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша педагогикалық талаптар; сыныптан тыс атқарылатын жұмыс түрлері.	ОН 1.1. Оқу процесінде білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін саралау. ОН 1.2. Тәрбие жұмысының негіздерін қарастыру. ОН 1.3. Педагогика ғылымы мен оның негізгі құрылымын игеру. ОН 1.4. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін, құралдарын, нысандары бойынша ақпаратты игеру. ОН 1.5. Мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін, құралдарын, нысандарын қолдану.	23	552	Қ 6	Е
2	КМ 2. Оқу үрдісінде педагогикалық және цифрлық технологияларын қолдану	Шағын жинақталған мектеп туралы түсінік; шағын жинақталған мектепте шетел тілін оқыту әдістемесі; шағын жинақталған мектепте білім беру принциптері мен әдістері; дидактикалық материалды жобалау және әзірлеу негіздері; қуатты педагогикалық құралдар; білім алушылардың оқу	ОН 2.1. Шағын жинақталған мектептерде ағылшын тілін оқытудың негіздерін саралау. ОН 2.2. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды жоспарлау және өткізу. ОН 2.3. Ғылыми педагогикалық зерттеу негіздері мен педагогикалық шеберлік негіздерін тұжырымдау. ОН 2.4. Сауықтыру лагері мен тәлімгерлік негіздерін игеру.	12	288	Қ 7	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жетістіктерін бағалау талаптары; оқу тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың жолдары; оқушыларды ынталандыру және оқудағы кедергілер; еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидалары; балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру жолдары; жаз кезіндегі балалар мен жасөспірімдерден тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктері; балалардың шығармашылық бос уақытын ұйымдастыру технологиясы; балалар және жасөспірімдермен топтық және жеке жұмыс формалары.	ОН 2.5. Әр түрлі жастағы балалардың жазғы сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.				
3	КМ 3. Шетел тілінің теориялық негіздерін тұжырымдау	Шетел тілінің теориялық негіздері; шетел тілі тарихының негіздері; шетел тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен құбылыстары; дауысты және дауыссыз дыбыстар, дыбыстардың жіктелуі; буын мен буын түрлері; екпін түрлері; диграфтар; ағылшын тілінің морфологиясы мен синтаксисі; грамматикалық құрылымдардың формалары мен конструкциялар; сөзжасам; етістіктің тұлғалық және тұлғасыз түрлері; шетел тілінің тарихи, географиялық, экономикалық, мәдени және әлеуметтік сипаттағы мәліметтер; мектептің оқу материалдық базасы мен мектеп құжаттары; тақырыптық - күнтізбелік жоспарлардың мазмұны; «Білім туралы» заң; мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас стилі, оқушылардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу әдістері.	ОН 3.1. Шетел тілінде сөйлейтін мемлекеттердің геосаяси құрылымын ажырату. ОН 3.2. Шетел тілінің базалық негіздерін қалыптастыру. ОН 3.3. Арнайы мақсаттағы шетел тілін меңгеру. ОН 3.4. Шетел тілінің теориялық фонетика жүйесін құрылымдау. ОН 3.5. Шетел тілінің теориялық грамматика жүйесін құрылымдау. ОН 3.6. Шетел тілінің тарихы туралы түсінік қалыптастыру. ОН 3.7. Педагогикалық мамандыққа кіріспе тәжірибесін игеру.	16	384	Қ 8, Қ 5	С
4	КМ 4. Шетел тілінде оқу процесін жүзеге асыру	Шетел тілі мұғалімі біліктілігі бойынша оқу пәнінің мазмұны; оқыту әдістемесі; бағалауды жүзеге асыру формалары; оқыту принциптері; шетел тілінің айтылым, жазылым, тыңдалым дағдыларының нормалары; ағылшын әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының кезеңдері; шет тіліндегі әдеби-көркем мәтіндерді оқу дағдылары;	ОН 4.1. Шетелдік жазушылардың шығармаларын талқылау. ОН 4.2. Оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымы мен ережелерін қолдану. ОН 4.3. Оқытылатын тілдің фонетикалық құрылымы мен ережелерін қолдану. ОН 4.4. Айтылым, жазылым, тыңдалым және сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ОН 4.5. Шетел тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін	67	1608	Қ 9, Қ 5	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		шетел тілінің грамматикасы мен фонетикасының құрылымы; ағылшын тілінің дыбыстық ерекшеліктері; сөз таптары, уақыт формалары; шет тілін меңгерудегі функционалдық сауаттылық нормалары; мектеп оқушыларының тілді меңгеру бойынша оқу процесін ұйымдастыру жолдары; білім беру үрдісінде қауіпсіздікке қойылатын заманауи қағидалар, санитарлық-гигиеналық нормалар.	анықтау. ОН 4.6 Кәсіби қызметте шетел тілі пәні сабақтарын ұйымдастыруға үйрену. ОН 4.7. Білім беру мекемелерінде шетел тілін оқыту құзыреттілігін қалыптастыру.				
5	КМ 5. Кәсіби қызметте стилистикалық және лексикалық нормаларды қолдану	Тіл білімі және оның салалары; диахрондық лингвистика; тіл және ойлау; ғылыми жазу стилі; академиялық жазудың формалары мен талаптары; қоғамдық-саяси өмірдегі оқиғаларды бейнелейтін тілдің лексикалық құрамы; лингвистилистиканың айрықша перспективалық бағыттары; стилистикалық талдау дағдылары; лексикалық көркем құралдар; стилистикалық талдау әдістері; мәдениетаралық қарым-қатынастың ерекшеліктері мен формалары; шетел тілі мұғалімінің кәсіби-педагогикалық қызмет функциялары; дидактикалық материалдарды дайындау әдістері; білім беру үрдісінде құжаттарды жүргізу талаптары.	ОН 5.1. Тіл білімі негіздерін игеру. ОН 5.2. Академиялық жазудың негізгі құрылымдары мен ережелерін пайдалану. ОН 5.3. Қоғамдық және саяси саладағы лексиканы қолдану. ОН 5.4. Шетел тілінің стилистикалық ерекшеліктерін қолдану. ОН 5.5. Шетел тілінің лексикалық нормаларын меңгеру. ОН 5.6. Мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін айқындау ОН 5.7. Шетел тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық қызметін орындау.	26	624	Қ 10, Қ 5	Е
Аралық аттестаттау				9	216		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс				45	1080		
Факультативті сабақтар				15	360		
Консультациялар				12	288		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 01140300 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі(коды, атауы), біліктілік (тер) 5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Ахат Нұртас Ахатұлы

Орындаушы: Каппас Айсара Жанаткызы

Ұялы телефон: 87782131396

Электрондық пошта мекенжайы: kazped@mail.ru